

Н.К. Оралбаев¹ , А.И. Бирманова^{2*} , Я. Залесны³ 

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан;

³Варшава университеті, Варшава, Польша

(E-mail: tgp1978@mail.ru, birmanovaa81@internet.ru, jacekzalesny@uw.edu.pl)

¹ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-5622-1063>

²ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9903-7521> ²Scopus ID: 57202834372

³ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8231-4454>, ³Scopus ID: 57203401004

Құқықсубъектіліктің теориялық негіздері және оның заманауи эволюциясы

Мақалада жалпы құқық теориясының маңызды элементі болып табылатын құқықсубъектілік категориясының теориялық негіздері қарастырылып, оның қазіргі кездегі цифрлану, жаһандану және әлеуметтік-құқықтық қатынастардың күрделенуі жағдайының талаптарына жауап бере алатын заманауи эволюциясына талдау жасалынған. Зерттеу мақсаты — құқықсубъектілік табиғатының жүйелік пайымдалуы, оған қатысты құқық теориясындағы орныққан доктриналық әдіс-тәсілдеріндегі жетілдіруді қажет ететін тұстарын ашу мен оның динамикалық сипатына қатысты өзіндік көзқарастар мен тұжырымдамалар жасау. Жұмыстың әдіснамалық негізін жалпы ғылыми және жеке ғылыми таным әдістері, яғни диалектикалық, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық және функционалдық талдау әдістері құрайды, құқықсубъектілікті статикалық түсіндірмесінен процестік-функционалдық тәсілге өту эволюциясын ашатын отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, нормативтік және соттық қайнар көздер қолданылған. Зерттеу барысында дәстүрлі құқық мектептері құқықсубъектілікті құқық субъектілерінің технологиялық дамуымен байланысты трансформациясы мен контекстілік құбылмалығын есепке ала алмайтын бекітілген заңдық мәртебе ретінде қарастыратындығы анықталды. Авторлар жеке тұлғаның, мемлекеттің және жаңа субъектілердің (цифрлық агенттер, ұйымдар) құқықтық жағдайының динамикасын сипаттайтын құқықсубъектіліктің процестік-функционалдық тұжырымдамасын ұсынады. Қорытындыда құқықсубъектіліктің классикалық доктриналды ережелерін қайта қарап, құқықсубъектіліктің цифрлық қоғам жағдайындағы құқықтық жүйенің икемділігі мен төзімділігін қамтамасыз ететін бейімделгіш үлгілерін өңдеп шығару қажеттілігіне баса назар аударылған.

Кілт сөздер: құқықсубъектілік, құқыққабылеттілік, әрекетқабылеттілік, деликтқабылеттілік, алгоритм, жасанды интеллект, DAO, цифрлық құқық, құқықтық мәртебе, цифрлық субъектілер, құқықтық теория, эволюция.

Кіріспе

Құқықсубъектілік тұлғаның құқықтық қатынастардың қатысушысы бола білу қабілетін анықтайтын заң ғылымының негіз құраушы категорияларының бірі. Ол құқықтық жүйенің біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, оның қоғамдық қатынастардың динамикасын сипаттай алатын қабілетін көрсетеді. Құқықсубъектіліктің теория тұрғысынан дұрыс түсінілуі құқықтық реттеу механизміндегі адамның, заңды тұлғаның, мемлекеттің және өзге де қоғамдық құрылымдардың алатын орнын бағалауда қағидаттық мәнге ие.

Бүгінгі ақпараттық дәуіріміздегі технологиялардың аса жылдам дамуы және жаһандық өзгерістердің қарқыны құқықсубъектілік туралы осы уақытқа дейін қалыптасып, орныққан тұжырымдамаларды қайта қарау қажеттілігін туғызуда. Зерттеудің өзектілігі ең алдымен жаһанданумен, цифрландырумен және құқықтық нақтылауды талап ететін субъектілер спектрінің кеңеюімен сипатталатын құқық эволюциясының заманауи жағдайында құқықсубъектілік доктринасын теориялық жағынан жаңғырту қажеттілігімен негізделген. Осы себептерге байланысты туындаған қазіргі болмыс «құқықсубъектілік өзінің дәстүрлі мазмұнын сақтап қалуы керек пе?» немесе «жаңа әлеуметтік, технологиялық ортадаға икемделген сапалы өзгерістерге ұшырауы керек пе?» деген сұраққа ғылыми жауапты талап етуде.

Біздің мақсатымыз жалпы құқық теориясының категориясы болып табылатын құқықсубъектіліктің негізгі теориялық тұжырымдамаларына теориялық-құқықтық талдау жасап, зерттеп, оның мәндік белгілерін аша отырып, заманауи эволюциясының бағыттарын анықтау. Аталмыш мақсаттарға жету жолында мынадай міндеттерді шешу қажет:

Хат-хабарға арналған автор. E-mail: birmanovaa81@internet.ru

- құқық ғылымындағы «құқықсубъектілік» түсінігінің шығу тегін талдау;
- «құқық қабілеттілік», «әрекет қабілеттілік» және «деликт қабілеттілік» категорияларының арақатынасын анықтау;
- заманауи әлеуметтік және технологиялық үрдістердің құқықсубъектіліктің мазмұны мен құрылымына әсерін зерделеу;
- жаңа жағдайлар алғышартында құқықсубъектілік доктринасының әрі қарай даму бағыттарын ашу.

Осы бағытта құқықтық қатынас қатысушыларының құқықсубъектілігін тану және жүзеге асыру кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастар зерттеу объектісі болса, зерттеу пәні болып дәстүрлі және заманауи заң ғылымында қалыптасқан құқықсубъектіліктің теориялық-құқықтық тұжырымдамалары мен категориялық сипаттамаларының жиынтығы.

Заң ғылымындағы осы уақытқа дейін орныққан көзқарастар бойынша құқықсубъектілік тұлғаның субъективтік құқықтар мен заңдық міндеттерді алып жүру және өз әрекеті арқылы тудырып, орындау қабілеттілігін білдіріп келді. Бірақ әлеуметтік қатынастардың қазіргі кезеңдегі даму сипаты, трансұлттық құқықтық кеңістіктердің қалыптасуы, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және сонымен байланысты корпорациялардан бастап жасанды интеллектке дейінгі жаңа типтегі субъектілердің пайда болуы құқықсубъектіліктің дәстүрлі түсінігін, әсіресе қалыптасқан мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Аталмыш субъектілердің дәстүрлі әрі орныққан доктриналық үлгілермен қамтылмауы зерттеу тақырыбымыздың ғылыми жаңалығын негіздейді.

Құқық доктринасындағы құқықсубъектілік әртүрлі айқындалады, атап айтқанда: «адамның құқықтары мен міндеттерін иелену және оларды белгіленген тәртіппен іске асыру қабілеті» ретінде [1; 38], «мемлекет материалдық және заңдық кепілдіктермен қамтамасыз еткен жалпы үлгідегі құқық» ретінде [2; 125-126], «адамның құқықтық қатынастарға қатысушы болуының әлеуметтік-құқықтық мүмкіндігі» ретінде [3; 9] және т.б. Мажарстан ғалымы А. Нашицтің ойынша, құқықтық мәні «сырттан әкелінбейді, оны материядан іздеу керек» [4; 27]. Құқықсубъектілік — бұл белгілі бір құқықтық қатынастардың субъектісі болудың әрекеттегі заңнамамен кепілдендірілген құқықтық мүмкіндігі. Құқықсубъектіліктің құрамдас бөліктеріне келетін болсақ, көптеген ғалымдар «құқықсубъектілік» ұғымы «құқық қабілеттілік» және «әрекет қабілеттілік» санаттарына негізделеді деп санауға бейім [5, 111]. Құқық қабілеттілік заңнамада бекітілген және субъектінің заңдық құқықтары мен заңдық міндеттерін атқаруға мемлекет қамтамасыз еткен мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі, ал әрекет қабілеттілік заңнамада бекітілген және субъектінің өз заңдық құқықтарын жүзеге асыруға және міндеттерін жеке іс-әрекеттерімен атқаруға мемлекет қамтамасыз еткен мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі [6]. Я.Р. Веберстің пікірінше, «әрекет қабілеттілік нақты субъективті құқықтар мен міндеттерді алу ғана емес, оларды жүзеге асыру қабілетін де білдіреді» [7; 129]. Алайда, басқа ғалымдар кейбір жағдайларда құқықсубъектілік құрамына деликт қабілеттілікті қосу қажет екенін мойындайды [8; 141].

С.С. Алексеев ойынша, [9; 140] деликт қабілеттілік әрекет қабілеттік тараптарының бірін білдіреді. Бірақ, бұл көзқараспен келіспеген А. Гатинян әрекет қабілеттілікті жалғыз және бөлінбейді деп есептейді [10; 43-44]. С.С. Алексеев құқықсубъектіліктің үш түрін атаған: жалпы құқықсубъектілік — адамның жалпы құқық субъектісі болу қабілеті; салалық құқықсубъектілік — тұлғаның құқықтың белгілі бір саласының құқықтық қатынастарына қатысушы болу қабілеті; белгілі бір құқық саласындағы белгілі бір құқықтық қатынастардың шеңберімен шектелген арнайы құқықсубъектілік [9; 144].

Шетелдік және отандық ғалымдардың кейбір еңбектерінен мемлекет және құқық теориясында құқықсубъектілікті түсінудің заңнамамен бекітілген қалып ретіндегі статикалық сипатынан құқықтық қатынастарда субъектілердің процестік және контекстік сипатын көрсететін динамикалық тұжырымдамаға ауысу тенденциясы байқалады [11]. Болашақта құқықсубъектіліктің көп деңгейлі үлгілерінің өңделіп шығарылуы және заңнаманың бейімделіп, түсіндірудің пәнаралық тәсілдерінің дамуы күтілуде.

Әдістер мен материалдар

Зерттеудің әдіснамалық негізі мемлекет пен құқық теориясындағы ғылыми объективтілік, жүйелілік және тарихилық, сонымен қатар заманауи тенденциялар қағидаттарын ескере отырып жасақталды. Зерттеу барысында мақаланың біртұтастығы мен дәйектілігін қамтамасыз ету үшін

төменде көрсетілген жалпы ғылыми, жеке ғылыми және арнайы заңтану әдістері кешенді түрде қолданылды, атап айтсақ:

– диалектикалық әдіс құқықсубъектілікті әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өзгерістермен үнемі байланыстағы дамушы категория ретінде қарастыруға, құқықсубъектіліктің статикалық және динамикалық түсінулері арасындағы қарама-қайшылықтарды талдауға, сонымен қатар оның трансформациялануы тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді;

– жүйелік-құрылымдық әдіс құқықсубъектіліктің ішкі құрылымын қарастырып, оның элементтері арасындағы өзара байланысты және бұл институттың жалпы құқық жүйесіндегі орнын анықтау үшін пайдаланылды;

– тарихи-құқықтық әдіс құқықсубъектілік туралы отандық және шетелдік юриспруденциядағы құқықсубъектіліктің табиғи-құқықтық пен позитивтік мектептерден бастап қазіргі кездегі неоинституционалдық және цифрлық тұжырымдамаларға дейінгі эволюциясын салдарлы түрде зерделеуден өткізуге септігін тигізді;

– салыстырмалы-құқықтық әдіс әртүрлі мектептердің субъектінің субъект ретінде танылуы бойынша мәселеге көзқарастарын салыстырып, оның көлемі мен мазмұнын түсінудегі айырмашылықтарды анықтауға және қарастырылып отырған категорияның дамуының жалпы тенденциясын анықтауға қолданылды;

– функционалдық және талдау әдістері субъектілікті әлеуметтік-технологиялық контексте тәуелді құқықтық қатынастарға қатыса алудың динамикалық қабілеттілігі ретінде қарастыратын өзіндік тұжырымдамасын өңдеу кезінде пайдаланылды;

– формалды-заңдық әдіс нормативтік-құқықтық қайнар көздердегі құқықсубъектілікке қатысты теориялық тұжырымдардың бекіген дәстүрлі тұжырымдарға сәйкес келетіндігін анықтау үшін оларға жалпы шолу жасау барысында қолданылды.

Зерттеуде әрекеттегі заңнама мен М.В. Костив, Е.А. Суханов, Н.В. Козлова, А. Нашиц, Б.Т. Кабдуллин, Г.Қ. Байбашева, Л.Т. Шарифьянова, Я.Р. Веберс, С.С. Алексеев, А. Гатинян, А.А. Лунёв, Е.В. Титова, В.С. Нерсисянц және т.б. отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, сонымен қатар, аталмыш тақырып аясындағы ғылыми мақалаларға шолу жасалынды.

Нәтижелер

Құқықсубъектілікке байланысты отандық және шетелдік қайнар көздердің көлемі өте ауқымды. Олардың қатарында құқық субъектілерінің дәстүрлі триадасына, яғни жеке тұлға, заңды тұлға және мемлекетке қатысты құқықсубъектілік және жекелей жаңа жағдайлардан пайда болған халықаралық құқықсубъектілік, құқықсубъектілікті алу және сол сияқты мәселелерге арналған көптеген тарихи-құқықтық зерттеулер бар. С.С. Алексеевтің еңбектерінде құқықсубъектілік қоғамдық қатынастардың қатысушысын жеке дербестендірудің құқықтық нысаны ретінде анықтаған болатын. В.С. Нерсисянц құқықсубъектілікті құқықтық еріктілік түсінігімен байланыстырып, тек ерік автономиясы бар субъект ғана заңдық құқықтардың алып жүрушісі бола алатындығы туралы айтты [12]. Соңғы кездердегі ғылыми еңбектердің ішінде халықаралық құқықсубъектілік пен оның трансформациясын талдауға, жеке тұлғалардың азаматтық құқық қабілеттілігі туралы еңбектер мен құқықсубъектілікті алу бойынша зерттеулерді айтуға болады [13].

Қазіргі таңдағы доктриналдық әдебиеттерде мәселеге қатысты жеткілікті түрде өңделмеген әлсіз тұстары байқалады, атап айтқанда:

1) статикалық тәсілдің басымдығы. Құқықсубъектіліктің классикалық түсінілуінде ол екі құрамдас бөліктерден тұрады: құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік [14; 75]. Рим құқығында құқық субъектісі ретінде ерікті азаматтар танылды, ал феодализмде сословие құқықтық қатынас субъектісі ретінде түсінілсе, қазіргі кезде жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, мемлекет пен халықаралық ұйымдар танылады. Құқықсубъектілікке қатысты қазіргі теориялар (нормативтік, институттық, коммуникативтік) құқық субъектілерінің еріктілік және әлеуметтік табиғатын ескере отырып әралуан түсініктемелері мен талдауларын ұсынған. Дәстүрлі зерттеулердің көбісі құқықсубъектіліктің процестік және жағдайлық, яғни контекстке байланысты нақты құқықтық қатынасқа қатысушы бола алу қабілетінің құбылмалы табиғатын жеткілікті деңгейде есепке алмайды. Бұл туралы жалпы шолу сипатындағы зерттеулер мен құқықтық болмыстың жаңа фактілеріне дәстүрлі құқықсубъектілік үлгісінің сәйкес келе бермейтін тұстары бар екенін айтқан бірқатар авторлар еңбегінде көрсетілген [15];

2) пәнаралық зерттеулердің жетіспеушілігі. Цифрлану жасанды интеллект, DAO және алгоритм сияқты субъектілердің жаңа нысандарының пайда болуына ықпал етсе, ал жаһандану үрдісі трансұлттық корпорациялар мен халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың рөлін арттыра түсуде. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің эволюциясы оған цифрлық сәйкестендіру, электронды цифрлық қолтаңба және биометрикалық мәліметтерін қосуда. Заманауи челленджер, яғни, автономды агенттер, әртараптанған (аралас) ұйымдар заң ғылымының доктринасын компьютерлік ғылымдардың, әлеуметтану және этикаға қатысты ғылымдардың тұжырымдарымен синтездеуді талап етеді. Аталмыш өзгерістерді ескере отырып, құқықсубъектілікке динамикалық категория ретінде қарап, оның қалыптасқан түсінігін қайта қарастыру керек. Ал қазірге дейінгі зерттеулердің басым бөлігі құқықтану парадигмасы шегінен шыға алмай отыр. Бұл шектеудің кері ықпалы құқық қолдану тәжірибесінде сезіледі, мысалы, цифрлық субъектілердің үлгісін жасау талпыныстарында заңдағы кемшіліктерге алып келеді [16];

3) эмпирикалық негіздердің және тәжірибеге бағдарланған құқықтық аспектінің шектеулігі. Бұл мәселені зерттеуде догматтық зерттеулер мен теориялық шолулар өте көп болғанымен, сот тәжірибесін талдау, құқық қолдануда жаңа субъектілерге қатысты кейстер мен нормативтік сынамалар мардымсыз. Осы жағдайлардың салдарынан нақты заңдық реформаларды жүзеге асыру үшін негіз жеткілікті болмай тұр [17];

4) құқықсубъектіліктің жаңа нысандарының аталуы мен мәселелерінің өңделмеуі. Жаңа қалыптасып келе жатқан нысандарға қатысты, бәлкім, бөлшекті, контекстік немесе шартты атауларын қолдануға болатын шығар. Өйткені құқықсубъектіліктің кейбір жаңа нысандары субъектінің атқаратын қызметтері мен іс-әрекет ететін ортасына қатысты пайда болады және шектеулі құқықтар мен міндеттер көлемін иеленеді. Сонымен қатар оларды квазисубъектілерден де ажырату да құқық теориясы алдында тұрған, өңделуге тиісті мәселе. Аталмыш мәселеге қатысты тұжырымдамалар доктринада бір жүйеге жинақталмаған үзінді-кесінділер күйінде ғана кездеседі. Бұл заң шығарушыға жаңа құқықтық қатынастардың жаңа қатысушыларына, мысалы трансұлттық желілер, цифрлық агенттер мен орталықсыздандырылған автономды ұйымдарға (DAO) қатысты икемді ықпал ету шараларын енгізуге тосқауыл болып тұр [18];

5) халықаралық және интеграциялық мәселелердің мәні мен жиынтығына кешіктірілген және толық емес жауап беру. Еуразиялық, халықаралық ұйымдар бойынша интеграциялық үрдістердің жүзеге асуы кезінде құқық доктринасы «жалпы» және «арнайы» тәсілдерді қолданады. Бірақ, ұлттық және одан жоғары деңгейде өзара келісе, сәйкестендіре отырып, субъектілер шеңбері мен олардың құқықтық мәртебесін анықтауға мүмкіндік беретін бірыңғай әдіснамалық жол жоқ;

6) ғылыми зерттеулердің назары қорғауға мұқтаж әлсіз топтар (мысалы, балалар, әрекет қабілетсіздер) мен жаңа категорияларға (мысалы, жасанды интеллект) қатысты біртекті емес және жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды абстрактілі түрде жіктеп қарастырады. Ал «гибридті» мәртебелерге (мысалы, бала-цифрлық азамат, онлайн шыққан әрекет қабілеттілігі шектелген тұлға, құқық объектісі ретіндегі смарт-құрылғылар) келгенде зерттеушілер өте аз. Мұндай жағдай теория мен құқық қолдану қажеттіліктері арасында алшақтық тудырады.

Талқылау

Жоғарыда көрсетілген мәселелердің болуы құқық теориясы мен тәжірибесі үшін бірқатар салдарға алып келуі мүмкін. Олардың бірнешеуіне тоқтала кетсек:

– біріншіден, жаңа субъектілердің пайда болуы кезінде олардың құқықтық тұрғыда дәйектелмеуі құқық ережелерін қолдануда олардың өзара қақтығысына және құқыққорғау аясында шешілуі қиын мәселелерге алып келеді;

– екіншіден, заң шығармашылар «цифрлық субъектілердің» және «гибридті» құрамалар үшін ережелерді қалыптастыру барысында жаңа құқық субъектілері мен олардың құқықсубъектіліктерінің қалыптасқан түсініктемелері болмағандықтан, оларға қатысты реттелуге тиісті маңызды қоғамдық қатынастарға ережелерді ойлап табуға сенімсіздік көрсетіп, қателіктерге ұрынады;

– үшіншіден, жалпы құқықтық жүйесімен салыстырғанда роман-германдық құқықтық жүйеде сот тәжірибесінің құқық шығармашылық рөлі шектелген, осы жағдайда жаңа субъектілерге қатысты теориялық жағынан өңделген анықтамалар мен түсініктер болмаса, ол өз кезегінде құқық шығармашылық пен құқық қолдану қызметі арасындағы алшақтықтарға алып келуі мүмкін.

Қарастырып отырған мәселеде жазылған ғылыми еңбектердің, зерттеулердің сипатына келетін болсақ, біздің ойымызша, олардың зерттеу әдістемесінде де заманауи жағдай талаптарына жауап бере алмайтын тұстары бар. Атап айтсақ:

– цифрлану дәуіріне дейінгі теориялық тұжырымдар рөлін тым асыра бағалау. Әсіресе, біздің посткеңестік кеңістікте субъектілікті анықтауда классикалық құқық теорияларының ережелеріне басымдық беру байқалады. Қазіргі интернет пен оның салдарынан туындаған жаңа қоғамдық қатынастар жағдайында тек заң ғылымының көлеңкесінде қалмай, заманауи эмпирикалық және пәнаралық мәліметтерді жүйелі түрде кіріктіруге баса назар аударған дұрысырақ болады деп ойлаймыз;

– қалыптасқан анықтамадағы құқықсубъектілік, құқық қабілеттілік, құқықтық тұлға сияқты терминдік сөз қорының заманауи эмпирикалық сынамадан өткізу мақсатында олардың теориялық тұжырымдамаларын жаңғыртудан бас тартады немесе сенімсіздік көрсетеді. Бұл өз кезегінде заман талаптарына құқық ғылымына қажетті жаңа анықтамалар мен категориялардың теориялық тұжырымдамаларының толыққанды қалыптасуын тежейді.

Біздің ойымызша, құқықсубъектілік теориясын әрі қарай өңдеу үшін оның әдіснамалық негізі ретінде «контекстілік құқықсубъектілік», «процестік-функционалдық құқықсубъектілік» үлгілерін қарастырып көру теория мен тәжірибеде көптеген мүмкіншіліктерге жол ашады. Бәлкім бұл терминдер әлі де пысықтауды талап ететін шығар. Бірақ құқықсубъектілікті қалыптасқан тұжырым бойынша статикалық заңдық мәртебе ретінде емес, заманауи құқықтық қатынастар мен технологиялық орта контексіне байланысты жүзеге асып, өзгеріп отыратын құқықтар, міндеттер мен құзыреттер кешені ретінде қарастыратын уақыт туған сияқты.

Аталмыш үлгінің анықтамалық жағын нақтылау үшін оның өзіндік белгілерін де атап өткіміз келеді. Оларға:

– контекстілік, яғни құқықтар мен міндеттер жиынтығы тек субъектінің табиғатымен ғана емес, нақты туындаған жағдайларға сәйкес келетін немесе тиісті жағдайларда ғана туындап, қатысушыны құқық субъектісі ретіндегі белгілермен танылуына алып келетін оның атқаратын рөлі мен қызметіне де қатысты анықталады;

– икемделгіштігі, яғни белгілі бір ережелер тұрғысында бекітілетін құқықсубъектілік өлшемдері технологиялық жағдайлардың ықпалынан өзгеріп отырады. Мысалы, жасанды интеллект жүйесі шарттарды жасау мүмкіндігі пайда болатын болса, ол шектелген деликт қабілеттілігі бар коммерциялық құқықтық қатынастардың субъектісінің өлшемдеріне ие болады;

– көпдеңгейлілігі. Құқықсубъектілік жалпы теориялық, жалпы заңнамалық негізде ғана емес, жергілікті, ұлттық және интеграцияланған құқықтар елегінде қарастырылады;

– цифрлық агенттерді құқықтық жеке дербестендірудің, персонификациялаудың шектелгендігі, яғни тәжірибелік сынамадан немесе бақылаудан өткізілген құқықтар мен міндеттер деңгейімен құқық субъектісінің шарттылығы тұжырымдамасы ұсынылады.

Көрсетілген үлгіні дамыту статикалық сипат, пәнаралық тұжырымның жетіспеушілігі сияқты мәселелерді шешіп, заң шығармашы мен сот билігі үшін құқықсубъектіліктің жаңа нысандарын, белгілерін анықтай алатын оралымды құралдар жиынтығын жасақтайды. Кейін оларды заңдастырып, одан соң құқық қолдануда пайдалануға болады.

Қорытынды

Қазіргі кездегі құқықсубъектілік теориясының мәселесі заман талаптарына сәйкес шешімін табуды талап етіп отырған түйткілді мәселелердің бірі. Ол тек заңгерлердің ғана емес, басқа ғылым салалары мамандарының өзара үндескен зерттеулеріне мұқтаж. Осыған байланысты заманауи құқықсубъектілік теориясын қалыптастыру үшін әрі қарай зерттеу және заң шығармашылық пен құқық қолдану тәжірибесі үшін бірнеше қадамдар жасауды ұсынуға болады:

– жасанды интеллект-агенттер, орталықсыздандырылған автономды ұйымдар, трансұлттық компаниялардың шынайы кейстерінде қарастырылған үлгілерді тестілеу үшін пәнаралық жобаларды іске қосу қажет. Мысалы, заңгерлер, ақпараттық технология мамандары, этика мен әлеуметтану саласындағы мамандардың бірігіп қызмет етуі;

– «құқықсубъектілік әлпеттері» әдісін өңдеп шығару, яғни құрамында құқықтар мен міндеттердің функционалдық картасын, құқықсубъектілікті телу үшін қажетті өлшемдер, «құқықсубъектілік әлпетін» уақытша немесе контекстілік өзгеруінің, түрленуінің тетіктерін қарастыратын әдіснаманы өңдеп шығару;

- эмпирикалық негізді соттардың тәжірибесін жинақтап, жүйелеу, нормативтік сынамалар мен интеграциялық келісімдердің кейстері арқылы ұлғайту;
- және отандық, шетелдік ғалымдардың ұсынымдары негізінде терминологияны бірыңғайландыру, біріздендіру.

Қорытындылап айтар болсақ, құқықсубъектіліктің осы уақытқа дейінгі қалыптасқан тұжырымдамасы мықты теориялық негізге ие, бірақ ол ақпараттық ғасырда болып жатқан құбылыстар сын-кәтерінде, соның ішінде цифрландыру мен жаһандану жағдайларына байланысты эмпирикалық және әдіснамалық шектеулерге ұшырап, заман талаптарына толыққанды жауап бере алмауда. Бұл тығырықтан шығудың бір жолы ретінде «икемді субъектілік», «контекстілік құқықсубъектілік», «таратылған (аралас) субъектілік» немесе «процестік-функционалдық құқықсубъектілік» ұғымдарын қарастырып, өңдеуге бола алар еді. Ұсынылған үлгі жоғарыда айтылған құқықсубъектілік теориясының тұжырымдарын жаңа талаптарға икемдеуге, оларды одан әрі дамытуға, сәйкес зерттеулер мен нормативтік бастамаларға септігін тигізери анық.

Құқықсубъектілік статикалық емес, өзіндік эволюциясы бар құбылыс. Заманауи сын-кәтерлер құқықсубъектіліктің жаңа нысандарын есепке ала алатын икемді теориялық үлгілердің болуын қажет етеді. Бұл болашақта әрі қарай тың зерттеулер мен заңнамалық реформаларға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Костів М.В. Адміністративна правосуб'єктність юридичних осіб: теоретичні та практичні аспекти: монографія / М.В. Костів. — Л.: ПП Лукашук В., 2006. — 152 с.
- 2 Гражданское право: [в 4 т.] / отв. ред. Е.А. Суханов. Т. 1: Общая часть: учебник. — М.: Волтерс Клувер, 2006. — 720 с.
- 3 Козлова Н.В. Правосубъектность юридического лица / Н.В. Козлова. — М.: Статут, 2005. — 476 с.
- 4 Нашиц А. Теория и законодательная техника / А. Нашиц; под ред. Д.А. Керимова, А.В. Мицкевича; пер. с рум. И. Фодора. — М.: Прогресс, 1974. — 256 с.
- 5 Қабдуллин Б.Т. Мемлекет және құқық теориясы: Заң мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы / Б.Т. Қабдуллин, Г.Қ. Байбашева, Л.Т. Шарифьянова. — Павлодар, 2006. — 137 б.
- 6 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 7 Веберс Я.Р. Правосубъектность граждан в советском гражданском и семейном праве / Я.Р. Веберс. — Рига: Зинатне, 1976. — 231 с.
- 8 Колодій А.М. Теорія держави і права / А.М. Колодій, В.В. Копейчиков. — Киев: Юрінформ, 1995. — 336 с.
- 9 Алексеев С.С. Общая теория права: [в 2-х т.] / С.С. Алексеев. — М.: Юрид. лит., 1982. — Т. 1. — 390 с.
- 10 Гатинян А. Правовой статус и осуществление структурных элементов норм / А. Гатинян // Проблемы правового статуса субъектов права. — Калининград: Изд-во Калинин. ун-та, 1976. — 188 с.
- 11 Чорномидз Ю.Н. Актуальные проблемы международной правосубъектности / Ю.Н. Чорномидз // Альманах современной науки и образования [в 2-х ч.]. — 2008. — Ч. II. — № 6 (13). — С. 213–216. — Тамбов: Изд-во «Грамота».
- 12 Нерсесянц В.С. Философия права: учебник / В.С. Нерсесянц. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: НОРМА: ИНФРА-М, 2020. — 848 с.
- 13 Лунёв А.А. Международная правосубъектность: обзор российской учебной литературы / А.А. Лунёв // Электронное приложение к «Российскому юридическому журналу». — 2021. — № 3. — С. 34–43.
- 14 Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы / Д.А. Булгакова. — Алматы: Заң әдебиеті, 2004. — 106 б.
- 15 Титова Е.В. К вопросу о понимании правосубъектности в теории права и конституционном праве / Е.В. Титова // Вестник Челябинского государственного университета. Серия «Право». — Вып. 24. — 2010. — № 19. — С. 28–33.
- 16 Яковлев В.Ф. Правосубъектность: общетеоретический, отраслевой и международно-правовой анализ: сборник материалов к XII Ежегодным научным чтениям памяти профессора С.Н. Братуся / В.Ф. Яковлев, Т.Я. Хабриева, В.К. Андреев и др. — М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации; Статут. М., 2017. — 434 с.
- 17 Шигабутдинова А.Л. Правосубъектность и реализация права: дис. ... канд. юр. наук: 12.00.01 / А.Л. Шигабутдинова. — М., 2011. — 225 с.
- 18 Лихачев М.А. Политики международной правосубъектности и их историческая изменчивость / М.А. Лихачев // Журнал ВШЭ по международному праву. — 2023. — № 1(1). — С. 8–25.

Н.К. Оралбаев, А.И. Бирманова, Я. Залесны

Теоретические основы правосубъектности и ее современная эволюция

В статье рассматриваются теоретические основы категории правосубъектности, являющейся важным элементом теории общего права, и анализируется ее современная эволюция, отвечающая требованиям современного состояния цифровизации, глобализации и усложнения социально-правовых отношений. Целью исследования является систематическое видение природы правосубъектности, выработка собственных взглядов и концепций, касающихся ее динамического характера, и раскрытие аспектов, требующих совершенствования в устоявшихся доктринальных подходах к теории права. Методологическую основу работы составляют методы общенаучного и частнонаучного познания, в частности диалектический, системно-структурный, сравнительно-правовой и функциональный анализ; применяются труды отечественных и зарубежных ученых, а также нормативные источники, раскрывающие эволюцию перехода от правосубъектного статического толкования к процессуально-функциональному подходу. В ходе исследования установлено, что школы традиционного права рассматривают правосубъектность как закрепленный юридический статус, не учитывающий трансформацию и контекстуальную изменчивость субъектов права, связанную с развитием технологий. Авторы представляют процессуально-функциональную концепцию правосубъектности, характеризующую динамику правового положения физического лица, государства и новых субъектов (цифровых агентов, организаций). В заключении акцентируется внимание на необходимости пересмотра классических доктринальных правил правосубъектности и выработки адаптивных моделей правосубъектности, обеспечивающих гибкость и толерантность правовой системы в условиях цифрового общества.

Ключевые слова: правосубъектность, правоспособность, дееспособность, деликтоспособность, алгоритм, искусственный интеллект, DAO, цифровое право, правовой статус, цифровые субъекты, правовая теория, эволюция.

N.K. Oralbayev, A.I. Birmanova, J. Zalesny

Theoretical foundations of legal personality and its modern evolution

The article examines the theoretical foundations of the category of legal personality as an important element of general legal theory and analyzes its contemporary evolution, which meets the requirements of the current state of digitalization, globalization and complication of socio-legal relations. The purpose of the study is to develop a systematic understanding of the nature of legal personality, to formulate the author's original conceptual approach to its dynamic character, and to identify aspects requiring reconsideration within established doctrinal approaches to legal theory. The methodological framework of the research is based on general scientific and specialized legal methods, including dialectical, system-structural, comparative-legal, and functional analysis. The study draws upon the works of domestic and foreign scholars, as well as normative sources reflecting the evolution from a static interpretation of legal personality to a procedural and functional approach. The research demonstrates that traditional schools of legal thought tend to interpret legal personality as a fixed legal status, which does not sufficiently account for the transformation and contextual variability of legal subjects associated with technological development. The authors present a procedural and functional concept of legal personality that characterizes the dynamics of the legal status of an individual, the state and new subjects (digital agents, organizations). The conclusion focuses on the need to revise the classical doctrinal rules of legal personality and develop adaptive models of legal personality that ensure the flexibility and tolerance of the legal system in a digital society.

Keywords: legal personality, legal capacity, capacity, tort, algorithm, artificial intelligence, DAO, digital law, legal status, digital subjects, legal theory, evolution.

References

- 1 Kostiv, M.V. (2006). *Administrativna pravosubyechnist yurydychnykh osib: teoretichni ta praktichni aspekty: monografiia* [Administrative legal personality of legal entities: theoretical and practical aspects: monograph]. Lviv: PP Lukashchuk V. [in Ukrainian].
- 2 Sukhanov, E.A. (Ed.). (2006). *Grazhdanskoe pravo. T. 1: Obshchaia chast: uchebnik* [Civil Law: General part] (Vols. 1–4). Vol. 1: General Part: textbook. Moscow: Volters Kluver [in Russian].
- 3 Kozlova, N.V. (2005). *Pravosubektnost yuridicheskogo litsa* [Legal Capacity of a Legal Entity]. Moscow: Statut [in Russian].
- 4 Nashits, A. (1974). *Teoriia i zakonodatelnaia tekhnika* [Theory and Legislative Technique]. D.A. Kerimov, A.V. Mitskevich (Eds.); I. Fodor, Trans. Moscow: Progress [in Russian].

- 5 Khabdullin, B.T., Baibasheva, G.K., & Sharifyanova, L.T. (2006). *Memleket zane ququq teoriyası: Zan mamandygy studentterine arналған oqu-adistemelik quraly* [Theory of State and law: educational and methodological manual for students of legal specialties]. Pavlodar [in Kazakh].
- 6 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq Kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn 1994 zhylygy 27 zheltoqsandagy № 268-XIII Kodeksi [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994 No. 268-XIII]. *adilet.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ [in Kazakh].
- 7 Vebers, Ya.R. (1976). *Pravosubektnost grazhdan v sovetskom grazhdanskom i semeinom prave* [The legal personality of citizens in Soviet civil and family law]. Riga: Zinātne [in Russian].
- 8 Kolodiy, A.M., & Kopeyshchikov, V.V. (1995). *Teoriia derzhavy i prava* [Theory of State and Law]. Kyiv: Yurinform [in Ukrainian].
- 9 Alekseev, S.S. (1982). *Obshchaia teoriia prava* [General theory of law]. (Vols. 1-2). Vol. 1. Moscow: Yuridicheskaia literatura [in Russian].
- 10 Gatinyan, A. (1976). *Pravovoi status i osushchestvlenie strukturalnykh elementov norm* [The legal status and implementation of structural elements of norms]. Kaliningrad: Izdatelstvo Kalininskogo universiteta [in Russian].
- 11 Chornomidz, Yu.N. (2008). Aktualnye problemy mezhdunarodnoi pravosubektnosti [Actual problems of international legal personality]. *Almanakh sovremennoi nauki i obrazovaniia — Almanac of Modern Science and Education* (Parts 1–26), 6(13), 213–216. Tambov: Izdatelstvo «Gramota» [in Russian].
- 12 Nersesyants, V. S. (2020). *Filosofiia prava: uchebnik* [Philosophy of Law: textbook]. (2nd ed.). Moscow: NORMA: INFRA-M [in Russian].
- 13 Lunev, A.A. (2021). Mezhdunarodnaia pravosubektnost: obzor rossiiskoi uchebnoi literatury [International legal personality: a review of Russian educational literature]. *Elektronnoe prilozhenie k «Rossiiskomu yuridicheskomu zhurnalu» — Electronic Supplement to the Russian Law Journal*, 3, 34–43 [in Russian].
- 14 Bulgakova D.A. (2004). *Memleket zhane ququq teoriyası: oqu quraly* [Theory of State and law: a textbook]. Almaty: Zan adebieti [in Kazakh].
- 15 Titova, E.V. (2010). K voprosu o ponimaniy pravosubektnosti v teorii prava i konstitutsionnom prave [On the understanding of legal personality in the theory of law and constitutional law]. *Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Pravo» — Bulletin of Chelyabinsk State University. Series Law*, 24(19), 28–33 [in Russian].
- 16 Yakovlev, V.F., Khabrieva, T.Ya., Andreev, V.K., et al. (Eds.). (2017). *Pravosubektnost: obshcheteoreticheskii, otraslevoi i mezhdunarodno-pravovoi analiz: sbornik materialov k XII Ezhegodnym nauchnym chteniim pamiati professora S.N. Bratusia* [Law personality: general theoretical, sectoral and international legal analysis: collection of materials for the XII Annual Scientific Readings in memory of Professor S.N. Bratus]. Moscow: Institut zakonodatelstva i sravnitel'nogo pravovedeniia pri Pravitelstve Rossiiskoi Federatsii; Statut [in Russian].
- 17 Shigabutdinova, A.L. (2011). *Pravosubektnost i realizatsiia prava* [Legal personality and realization of law]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 18 Likhachev, M.A. (2023). Politiki mezhdunarodnoi pravosubektnosti i ikh istoricheskaiia izmenchivost [Politics of international legal personality and their historical variability]. *Zhurnal Vysshaia Shkola Ekonomiki po mezhdunarodnomu pravu — Higher School of Economics University Journal of International Law*, 1(1), 8–25 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Оралбаев Нұрболат Қартайұлы — заң ғылымдарының магистрі, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің докторанты, Қарағанды, Қазақстан; e-mail: tgp1978@mail.ru

Бірманова Ақсұңқар Исламбекқызы — PhD, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан; e-mail: birmanovaa81@internet.ru

Яцек Залесны — заң ғылымдарының докторы, Варшава университетінің қауымдастырылған профессоры, Варшава, Польша; e-mail: jacekzalesny@uw.edu.pl

Information about the authors

Oralbayev Nurbolat Kartayovich — Master of Law, Doctoral Student, Karaganda National Research University named after academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: tgp1978@mail.ru

Birmanova Axunkar Islambekovna — PhD, Associate Professor of the Department of Theory and History of State and Law, Karaganda National Research University named after academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: birmanovaa81@internet.ru

Jacek Zalesny — Doctor of Law, Associate Professor, University of Warsaw, Warsaw, Poland, e-mail: jacekzalesny@uw.edu.pl